

**Үй жағдайында баланың
танымдық қабілеттерін
дамыту**

Баланың танымдық қабілеттері – оның қоршаған ортаны танып-білуіне, ойлауына, есте сақтауына, зейін қоюына және сөйлеу дағдыларының қалыптасуына негіз болады. Бұл қабілеттердің дамуы ең алдымен отбасыда, күнделікті тұрмыста жүзеге асады. Үй жағдайында ата-ананың дұрыс ұйымдастырған іс-әрекеті баланың жан-жақты дамуына үлкен ықпал етеді.

Танымдық қабілет дегеніміз не?

Танымдық қабілеттерге зейін, есте сақтау, ойлау, қабылдау, қиял және сөйлеу жатады. Бұл қабілеттер балада ойын, қарым-қатынас және күнделікті әрекеттер арқылы біртіндеп қалыптасады.

Күнделікті тұрмыста танымдық дамуды қолдау

Ата-аналар баланың танымдық қабілеттерін дамыту үшін арнайы құралдарды қажет етпей-ақ, күнделікті өмірді тиімді пайдалана алады:

Баламен жиі сөйлесіп, сұрақтарына сабырмен жауап беру;
Көрген-білгені туралы әңгімелету;
Заттардың атын, түсін, пішінін, көлемін ажыратуға үйрету;
Үй шаруасына баланы қатыстырып, әрекеттердің ретін түсіндіру.

Ойын арқылы дамыту

Ойын – баланың негізгі іс-әрекеті. Танымдық қабілеттерді дамытуда ойынның маңызы зор:

Логикалық ойындар (кұрастыру, пазлдар, мозайка);

Салыстыру, топтастыру, сәйкестендіру ойындары;

Рөлдік ойындар арқылы ойлау мен сөйлеуді дамыту;

Саусақ ойындары – зейін мен ұсақ моториканы жетілдіреді.

Кітап оқу және әңгімелеу

Баламен бірге кітап оқу оның қиялын, сөздік қорын және есте сақтау қабілетін дамытады:

Оқыған ертегіні талқылау;

Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бергізу;

Сурет бойынша әңгіме құрату;

Оқиғаны өз сөздерімен қайталап айтуға үйрету.

Зерттеуге ынталандыру

Бала табиғатынан зерттеуші. Оның бұл қасиетін қолдау маңызды:

«Неге?», «Қалай?» деген сұрақтарға бірге жауап іздеу;

Қарапайым тәжірибелер жасау (су, құм, өсімдік);

Табиғатты бақылау (жапырақ, бұлт, жануарлар).

Ата-аналарға пайдалы кеңестер

Баланың жас ерекшелігін ескеріңіз;

Оны асықтырмай, өз бетімен ойлануға мүмкіндік беріңіз;

Қателесуіне рұқсат етіңіз – бұл дамудың бір бөлігі;

Жиі мадақтап, жетістігін байқап отырыңыз;

Теледидар мен гаджет уақытын шектеңіз.